

УДК: 338.242.2

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАҒЫТТАРЫ**

**Абызбаева Ақниет Мейрамқызы**

[aknietabyzbaeva.03@gmail.com](mailto:aknietabyzbaeva.03@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Менеджмент» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Амренова Ғ.Қ

Инновация – экономикалық өсудің негізгі тірегі. Осыған байланысты Республиканың инновациялық дамуының негізгі бағыттарына зерттеу жүргізу, сонымен қатар инновациялық жолға көшу мәселелерін анықтау маңызды. Мақалада инновациялық даму үшін ғылым-білім

саласына көбірек көңіл бөлу керектігі қозғалады. Сондай-ақ жаңа бизнес-жобаларды қолдаудың маңызы сөз болады.

«Инновация» түсінігі ең алғаш XIX ғасырда ағылшындарда пайда болғаны белгілі. Сол уақыттан бері бұл термин елең еткізбеген ел қалмаған да шығар. Инновацияның маңызын ерте түсініп, ерте әрекет жасаған мемлекеттерді біз көріп отырмыз. Бұл ретте «әлемнің дамыған жетілік мемлекеттерін», «Еуроодақ елдерін», «Азия аймақтарын» тілге тиек етуге болады. Бұл елдер осы деңгейге жету үшін қаншама инновациялық саясаттарды, жаңашылдыққа бағытталған қаншама мақсаттарды жүзеге асырды. Осы орайда бұл мемлекеттердің инновациялық даму жолындағы жиі қолданған құралдарына кішкене тоқтала кетсек. Олар:

- Ғылыми-техникалық бағдарламаларға мемлекеттік тапсырыстар; қаражатты ҒЗТҚЖ-ларға шоғырландыру; мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемелері мен бағдарламаларын тікелей қаржыландыру; процентсіз несиелер беру және венчурлық жобаларды сақтандыру; венчурлық инновациялық қорлар құру; патенттер мен өнертабыстарға баж төлеудің мерзімін ұзарту;
- Жеделдетілген амортизацияға берілетін құқықтарды іске асыру;

Байқаған шығарсыздар көбінше ғылыми ашылуларға, зияткерлік ресурстарға, технологияның дамуына көбірек көңіл бөлген. Бұдан туындаған ой - ешбір ғылыми жаңалықтарға бей-жай қарамау керектігі, білім саласына көбірек мән беру қажет екендігінде болып тұр [1].

Қазақстан Республикасының «инновациялық қызметтері мен жүргізіліп жатқан ісшараларына» тоқталар болсақ, біз бірінші кезекте ел басымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Бізге ақыл-ойдың, ғылыми білімдер мен ең жаңа технологиялардың инвестициялары қажет. Біз жаңашылдар мен жаңалық ашатындарды іздеуге тиіспіз. Біз жаңа экономикалық өсуді қамтамасыз ететін инновацияларды құратын және енгізетін боламыз» -деген жігерлендіру сөзін алдарыңызға ұсынғанды жөн санадым. Соңғы кездері өндіріс пен әлеуметтік басқарудың әртүрлі салаларында жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологияларды және өнім түрлерін енгізуге негізделген инновациялық қызмет Қазақстан экономикасының дамуының маңызды факторларының қатарында көбірек орын алуда. Бүгінгі таңда Қазақстанда технологиялық қайта құрулар – технологиялық деградацияны еңсеру, заманауи бесінші және перспективалы алтыншы технологиялық режимдер технологиясын меңгеру – бірінші кезектегі маңызы бар елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында өзінің көп құрылымды экономикасын түбегейлі қайта құрулар жүріп жатыр. Қазақстанның инновацияға өз жолымен мейлінше табысты өту және инновация саласындағы әлемдік көшбасшылар қатарына қосылу үшін барлық мүмкіндіктері талданады. Нарық жағдайында инновациялық даму көрсеткіштерінің жоғары жылдық өсу қарқынын қамтамасыз ету үшін тек инновациялық және ғылыми-техникалық салада ғана емес, әлеуметтік-экономикалық салада да мақсатты мемлекеттік саясат қажет. Барлықтарыңызға белгілі қазіргі уақытта еліміздің білім беру саласында айтарлықтай өзгерістер енгізіліп, жаңалықтармен жаңартылып жатыр. Себебі, жоғарыда айтылған инновациялық даму жолындағы шетелдік тәжірибиелердің ішінде ең басты акцент ғылым-білімге қойылғаны анық. Бұл жасалынып жатқан өзгерістерді толықтай құптаймын. «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні ғаріп» деген дана халқымыздың осы сөзінде де үлкен мән мағына жатыр. Біз елімізді тек пайдалы білімімізбен, ғылымға қосар жаңалығымызбен ғана әлемдің инновациясы жоғары мемлекеттердің қатарына қоса аламыз. Осы орайда жер жағынан да, табиғи ресурс жағынан да кенде қалған мемлекет - Жапонияны мысалға келтірер болсақ, бұл мемлекет қазіргі таңда жоғары технологиясымен және машина саласы бойынша әлемдік брендтерімен жер-жаһанды мойындатқаны белгілі. Әрине, осы жетістіктерге жетудегі бірден-бір құпиясы- ғылымбілімге ерекше көңіл бөлуінде екендіктері анық. Бізде осындай жетістікке жете аламыз. Бірақ ол үшін бізге қойылар талап жаңашылдыққа ұмтылу [2]!

Елімізде жаңашылдыққа байланысты жаңа салаларды дамыту, қолдау айрықша назар аударылып жүргізілуде. Атап айтқанда: «Бизнестің жол картасы -2025», «Қарапайым заттар экономикасы», «Еңбек» деген секілді бағдарламалар бар. Бұл бағдарламалардың мақсаты мен ел азаматтары үшін тигізер пайдасы қандай екенін көп адам әлі біле білген жоқ. Оған себеп

«халық дұрыс ақпараттандырылмайды»-деп жатады. Мен онымен толықтай келісе алмаймын. Өйткені, біліп білмеуі, хабардар болып хабардар болмауы адамдардың өзіне тікелей байланысты. Ешқашан қоғамды кіналаудың қажеті жоқ. Кінәнің барлығын әр адам өзінен табу қажет. Егерде жоғарыда айтқандай білім алуға талпынып, жаңашылдыққа ұмтылатын болса кім кедергі? Сонымен бұл бағдарламалардың көмегімен жүзеге асырылып жатқан бизнес-жобалардың маңызы жоғары. Атап айтқанда шағын кәсіпкерлікті қолдау дұрыс қабылданған шешім. Шағын кәсіпкерлік оң экономикалық процестерге бетбұрыс жасайтын маңызды негізі бола алады. Дәл шағын бизнестің көмегімен кәсіпкерлік экономикалық ортаны құруға болады, яғни нарықтың нақты қалыптасуы: қараусыз қалған өндірістерді біртіндеп қалпына келтіру басталуы; ресурстарды дамыту; шағын шаруашылық нысандары негізінде дамуы мүмкін аумақтарды кеңейту; жаңа жұмыс орындарын құру; жаңа қызметтерді ұйымдастыру және т.б Қазіргі уақытта жиындарда көп көтеріліп жүрген мәселе – «Қазақстанда ауылшаруашылық саласына көбірек көңіл бөлу» болып отыр. Бұл саланы дамыту арқылы басқада дүние жүзі елдерінен салыстырмалы артықшылыққа ие бола аламыз. Себебі біздің табиғатымыз, кең байтақ жеріміз мол мүмкіндіктер тудырады. Керек десеңіздер осы салаға байланысты, қолдау көрсететін елімізде «Сыбаға» атты бағдарламада үздіксіз жұмыс жасап келе жатыр [3].

Бір ғана ауылшаруашылық саласымен шектеліп қалу жарамайды. Басқада бизнесидеяларды қарастыруымыз қажет. Біз елдегі тапшы тауарлардың өндірісін қолға алатын болсақ, елді импортқа деген тәуелділіктен алып шығар едік. Қазіргі уақытта орын алып жатқан «Ресей-Украина» соғысы, біраз елдің экономикасына ауыр зардаптар әкелді. Оның ішінде Ресей тауарларының импортына тәуелді Қазақстан Республикасында бар. Біздің елдің экономикасына қаншалықты залал келтіргенін айтпай-ақ қояйын. Бірақ жуық арада ғана шыққан жаңалық бей-жай қалдырмады. Бұл Шымкенттегі қағаз шығаратын зауыттың Финляндия мен Ресейден шикізатты жеткізуіндегі қиындықтар есебінен жұмысының тоқтауы және соның салдарынан елдегі қағаздар бағасының көтеріліп кетуі болатын. Осы мәселеден шығудың бірден-бір амалы ретінде қағазды шығаруға қажет шикізатты өндіруге өзіміз маманданып, қажетті ағаштарды жаппай егуді қолға алсақ. Әрине, жауапкершілігі жоғары жұмыс болғандықтан тәуекелге бел байлау қиынға соғатыны анық. Соған қарамастан мемлекет тарапынан, осы саланы көтеруге назар аудартылып, кәсіпкерлер арасында тендер ойнататын болса, кез-келген кәсіпкердің қызығушылығын оятатындығы белгілі. Бұл ұзақ уақытты талап еткенімен болашақта жемісін көретін боламыз. Осындайда «Ештен, кеш жақсы»-деп айтады ғой [4]!

Сонымен Қазақстан Республикасы үшін инновациялық дамудың басты бағыттарын атап көрсетер болсақ. Олар:

Біріншіден, оқу процестері мен оқу әдістерін жаңа заман талабына сәйкестендіру. Яғни, әлемнің инновациясы жоғары дамыған елдерінде қандай білім саласына, қандай пәнге көбірек көңіл бөлетіндеріне мән беруіміз қажет. Ш.Құдайберді атамиздың «Адам қоғаммен араласып дамиды»-деген сөзін «мемлекет» деп қарастыратын болсақ, біздің елімізде дамыған мемлекеттермен білім саласы бойынша байланыстар орнатуды дамытуды жоғарылатқаны дұрыс. Осы орайда «Болашақ» бағдарламасының маңызы жоғары деп ойлаймын.

Екіншіден, қазіргі уақыт – ақпараттардың шарықтап тұрған уақыты. Біз білмейміз, әлемде қандай жаңалықтар шығып, қай жаққа бет бұрыс жасап жатқандарын. Сондықтан, ақпаратпен қамтылу дәрежесін жоғарылатып, көштен қалмауға ат салысуымыз қажет!

Үшіншіден, жаңа технологияларды көптеп тартып, нарықты заманауи технологиялармен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл арқылы біз артта қалған өндіріс саламызды дамытып, экономикамызға оң бере аламыз.

Төртіншіден, экспорттық тауарларға көбірек көңіл бөлу. Табиғаттан берілген мол мүмкіндіктерді пайдалана білуіміз керек. Жаңа идеяларға қанат бітіріп, дамуға қарай барлығыз бірге әрекеттер жасауымыз қажет!

Қазіргі экономикада болып жатқан мәселелер дамушы ел тұрмақ түгілі, дамыған елдің де қабырғасын қисатып отырғаны бар. Біз оңай беріле салатын халық емеспіз. Еліміздің

дербестігін сақтап қалу үшін, әлемдік аренада өз орнын мықтылап бекіту үшін, берік инновациялық саясат, ел азаматтарының креативті ойлауы, мемлекеттік қаржылық қолдаулар, жаңа технологияларды дұрыс басқара білу өте маңызды болып табылмақ!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ш.Әлинов. «Инновациялық менеджмент». - Алматы «Бастау баспасы» 2012
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" [Электрон.ресурс] - 2017. - URL: <http://www.akorda.kz/ru>
3. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының» кепілдіктері туралы. [Электрон.ресурс] <https://damu.kz/kz/>
4. Шымкенттегі қағаз шығаратын кәсіпорын жұмысын тоқтатты: [Электрон.ресурс] <https://kaz.nur.kz/society/1962887-symkenttegi-qagaz-sygaratyn-kasiporyn-zumysyn-toqtatty/>